

ӘОЖ 82.7
FTAXP 17.07.41
DOI 10.37238/1680-0761.2021.83(3).9

¹Қабылов Ә.Д.*, ²Қорғанбеков Б.С.

¹Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау, Қазақстан

²Л.Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
*Корреспондент авторы: adilet.kabylov@yu.edu.kz

E-mail: adilet.kabylov@yu.edu.kz, bolat64@mail.ru

САТИРАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ИРОНИЯНЫҢ ОРНЫ

Аңдатпа. Мақала сатиралық шығармалардағы иронияның орнын пайымдауға арналған. Қазақ әдебиетіндегі көрнекті сатириктердің прозалық шығармаларындағы иронияның қолданылуы А.Тоқмағамбетов, Ш.Смаханұлы, Ү.Уайдин, М.Рәш аңгімелері мен фельетондарының мысалында қарастырылады. Сатиралық шығармалардағы иронияның авторлық баға беру, сыни көзқарасты таныту, қайшылықтарды ашу құралы ретіндегі қызметі нақты мысалдар арқылы талданады. Иронияның авторлық баяндаудағы және кейіпкер сөздеріндегі қолданысы арқылы бағалаушылық, талдаушылық, сыни көзқарасты танытудағы көркемдік қызметін бағалауға талпыныс жасалады. Сонымен қатар, ішкі мәтіндегі ирониялық мағынаның ерекшеліктері аллюзия, перифраза, эмфаза секілді риторикалық тәсілдердің қолданыстары арқылы да сараланады. Мақалада иронияның авторлық көзқарасты білдірудегі қызметі оның сатиралық және юморлық мәтіндердегі қолданыс ерекшеліктерімен сипатталады. Ирониялық мағынаның лингвистикалық түрінен өзге объективті, концептуалдық, ассоциативтік түрлерінің мәтіндік деңгейде көрінетіндігі де пайымдалған.

Кілт сөздер: сатиралық шығармалар; сатира; юмор; ирония; авторлық көзқарас; объективті ирония; концептуальды ирония; ішкі мәтін; аңгіме; фельетон; ассоциативтік ирония; аллюзия; перифраза.

Кіріспе

Әдеби-теориялық еңбектерде ирония сатира мен юмордың қатарында әдеби шығармалардағы күлкі элементі ретінде аталады. Сатира – бейнеленуші кейіпкерге немесе өмір құбылыстарына қарсы бағытталған, олардың жөнсіздігін, зияндылығын, масқаралығын ашуға арналған ызалы, кекті, әшкерелеуші, ымырасыз күлкі. Ол жөнсіздікті көзге шұқып тұрып көрсету арқылы кемшіліктерді түзетуге арналады. Ал юмор – әркез кездесіп қалатын, адам бойындағы немесе қоғам өміріндегі кейбір зиянсыз жайларды, кешіріммен қарауға болатын көріністерді, мінездегі қайсыбір күлкілі болмыс қырларын әзілмен түйрейтін зілсіз, достық рәуішті, көңілді күлкі. Ал ирония осы екеуі секілді күлкі элементі дегенімізбен, олардан айырмашылығы бар әрі өмір құбылысына сыни, бағалаушылық көзқарасты білдіретін, көркем өрнегі мен көркем мәтіндегі құрылымы күрделі, көркем әдебиеттегі қолданысы барған сайын өрістеп отырған мәдени феномен.

Әдеби шығармада ирония ауқымды әрі маңызды мағына қамтып, авторлық терең ойды жеткізе алады: ол шығармаға ерекше бояулар үстеп, автордың айналасындағы қоршаған дүниеге деген қанағаттанбаушылық сезімін ерекше түрде ашады. Дүниеге ирониялық көзқарас әлеуметтік болмысты межелеуге, қайшылықтарды ашуға талпынуға, өзін тұлға ретінде нақты жағдайларда таныту арқылы олардан биік тұруға тырысуға байланысты.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Ирония туралы зерттеулерде оның сипат-белгілері мен қызмет-қарымы әр түрлі ракурста пайымдалғанымен, ол туралы талас пікірлер толастар емес. Л.И.Тимофеев секілді кейбір ғалымдар иронияны сарказммен қатар юмордан сатираға өтудегі аралық форма десе, көпшілік зерттеушілер иронияны өмір құбылыстарын бейнелеудегі ерекше стильдік құрал, мәдени феномен ретінде



карастыруда. Иронияның шыншылдық табиғаты туралы Т.Манн: «Объективтілік дегеніміздің өзі – ирония, еркіндіктің; тыныштықтың шырқау биігінен қарайтын, қандай да бір ақылгөйсуден аулақ көзқарас», – дейді. [1, б. 277].

Ұлттық сөз өнерінде ертеден келе жатқан ирония құбылысы жаңа жазба әдебиетімізде де сатира мен юмордың қатарында бой көрсетіп, көркемдік даму жолынан өтті. ХХ ғасырдағы қазақ прозаиктерінің шығармаларындағы қолданысын сөз еткенде таза сатиралық шығармалардағы иронияның орнын пайымдаудың да маңызы бар. Сатиралық шығармалардағы иронияның сатира мен юмор секілді күлкіні өткірлеудегі қызметімен қоса, авторлық баға берушілік, сыни көзқарасты таныту, қайшылықтарды ашу құралы екендігін, объективтілік пен талдаушылық қасиеттерін аңғаруға болады. Мақалада қазақ сатириктерінің прозалық шығармаларындағы иронияның орнын пайымдамақпыз.

Зерттеу нәтижелері

Өткен ғасырдың ортасынан бастап қайта өрлеу бағытына түскен қазақ сатирасы көптеген жаңа есімдерді тудырды. Ұлттық сатирамыздың ең бір өркендеген дәуірінің басында тұрған сықақшы қаламгерлер социализм жеңісіне қарамастан қоғамда кең етек алып отырған көптеген кемшіліктерге назар салып, сын садағының нысанына алды. Кеңестік қоғам мен жаңа заман құрылысшыларына жат деп есептелген көптеген қоғамдағы кесірлі құбылыстар мен адам бойындағы жаман әдет-қылықтарды әшкерелейтін шығармалар көптеп жазылып, сатираның ролі арта түсті.

1956 жылдан шыға бастаған сатиралық “Ара-Шмель» журналы қазақ сатирасының дамуына үлкен үлес қосса, алпысыншы-сексенінші жылдары А.Тоқмағамбетов, С.Адамбеков, Ж.Алтайбаев, О.Әубәкіров, Б.Қыдырбекұлы, Ү.Уайдин, Ғ.Қабышев, Е.Домбаев, О.Иманалиев, И.Шұғаев, Ш.Смаханұлы, М.Рәшев, Қ.Ілиясов, С.Кенжеахметов секілді «кесір қылықтарға қарсы қаламын қару еткен» сықақшылар әдебиет майданында сатирамызды өз шығармаларымен байытты.

Солардың алдыңғы шебінде көрінген Асқар Тоқмағамбетов шығармашылығының қомақты саласы – сатиралық шығармалары болды. Оқырмандарына алғашқы сатиралық жинағы – «Күлкі-сықақ өлеңдерін» (1929) ұсынған қаламгер әдебиетіміздің кенжелеу дамыған осы бір саласын жаңа белеске көтеріп, өнімді де жемісті қызметімен көрінді.

Ол сықақ өлеңдер мен фельетон жазуға ыңғайын көрсете отырып, өз заманының ұнамсыз типтерін жасады. А.Тоқмағамбетов сатирасы – үгіттің, насихаттың сатирасы, жұртты ескілік қалдықтарына қарсы ымырасыз күреске, жарқын еңбекке жұмылдырудың сатирасы болды. Ақын сатирасында әсіресе фелетон жанрының орны бөлек. Ескіліктің сарқыншақтарын, жаңа өмірге өтуге кедергі келтірушілерді, шаруашылықтағы кемшілікті әшкерелеуде Асқар сатирасы тиімді ықпал етті. «Көзбен көріп, қолмен ұстаған фактілердің негізінде жазылған соң Асқар сатирасының сендіру логикасы да, әсер ету ықпалы да күшті», – дейді сатира зерттеуші ғалым Т.Қожакеев [2, б. 444].

А.Тоқмағамбетовтің 20-30 жылдардан бастап жазылған фельетондарында ирония өнімді қолданылмағанымен, сын нысанына алынушы объектіге оқырманның ынтасын арттыру үшін ара-тұра иронияның көмегіне жүгінетінін көреміз. Мысалы, «Бұлаң құйрық «болады» деген фельетонында әңгімеге кіріспес бұрын әуелі еңбекшілердің арызын жүре тыңдап, «болады» деп шығарып салатын төрелердің қылығын суреттеуде осы «болады» деген тірек сөзге екпін түсіріп, әңгіменің әлқиссасын: «Қ. қаласындағы кейбір кеңсе бастықтарының аузынан бұлаң құйрық бір «түлкі» шығып қашатын болып жүр. Шынында бұл ғажап нәрсе, түлкі деуге ол түлкі емес. Өйткені түлкі сияқты құйрығы мен құлағы, сойсаң қаны, соқсаң жаны жоқ, көзіңе де көрінбейді, көрінбей де қалмайды, үмітінді де үздірмейді, сағымдай елестеп «енді ұстатам, енді жеткізем» дейді де, бұлаң құйрыққа салып қаша береді. Бұл мақұлықтың аты да тамаша, «түлкі» деген атты біз қойып отырмыз. Шын аты – «болады» [3, б. 3], – деп бастайды.

Автор тарапынан айтылған осы толғамда ирония бар. Ары қарай осындай уәде берушіліктің көріністерін әңгімелеп, оның моральға жат екенін әшкерелейді. Ал «Қошқары қоздап, айғыры құлындағандар» шығармасында «бастықтардың қойдың қошқары мен ісегін, жылқының айғыры мен семіз аттарын, түйенің бурасы мен атанын, сиырдың бұқасы мен өгізін бір түнде апарып сатып, орнына бір тұяқ алып қоса салатын» пысықай бастықтардың тірлігін әшкерелеу үшін тақырыпты осылай қойып, соңғы жылдары мал шаруашылығындағы ғылымның ендірген жаңалықтарын (қойды жылына екі рет және егіздетіп төлдету, қолмен ұрықтандыру, бір себілген дәннен бірнеше рет астық алу сияқты) айта келіп: «Бірақ қошқарды қоздату, айғырды құлындату, бураны боталату, бұқаны бұзаулату әдісін ешбір ғалым тапқан жоқ-ты. Осы секілді бұрын-соңды болып көрмеген



«жаңалықты» біздің кейбір колхоз, ферма бастықтары іске асыра бастапты» [3, б. 42], – деп баяндайды да оның ерекшелігін: «Бұл әдістің бір аянышты жері – қоздаған қошқар, құлындаған айғыр, боталаған буралар қайтып келеге қосылмайды. Төлдеп болып, егіздетіп, сегіздетіп барып тіршілігімен қош айтысады. Кейде бұл жануарлар төл орнына дүриә көйлек, мақпал шапан, жібек шәлі, батсайы көрпе де туа салады Бірақ тұяғына тұяқ, қаз орнына қарға қалдырмай кетпейді. Бұлай ету төлдетуші мен төлдеушінің басты бір шарты»[3, б. 42], – деп мысқылмен өткірлей түседі. Мұндай ирониялық назар тақырыпқа ерекше көңіл аудартып, автордың сыни-бағалаушылық позициясын аңғартады. Шаруашылықтағы осындай кесірлікті адамның ақылына сыймас, көңілге қонбас әрекеттермен сабақтастырып, сын нысанасының мәнін аша түсуді мақсат етеді.

Асқар сатирик кейбір фельетондарында кейіпкер сөздерінде де иронияны қолдану арқылы олардың оқиғаға көзқарасын мысқыл-кекесінмен білдіріп отырады. Мысалы, «Күйеу бас жемейді» шығармасында қартайғанда жас қызды қатын қылып алған Смағұл қарттың қылығын бәйбішесінің сөзімен де мысқылдайды. «Неке қияр» үстінде өлең айтқан жігіт-желеңді қостағандай болып бәйбішесінің: «Айта бер, балам, айта бер! Кеше ғана қызымызды ұзатып, қызығымыз кеткендей болып отыр едік, «қызымыз» келіп, қызығымыз қайта орнағандай болып отыр. Отыз жыл отасып, қазанын асып, отын жаққаным жетер!» – деген сөзіндегі мысқылдың күші Смағұлға қалай әсер еткенін автор: «Смағұлдың көкірегіне «қызымыз» деген бір ауыз сөз тікелектей қадалды да, зіл тастады» деп суреттейді [3, б. 65].

Осы әңгімедегі тағы бір «қатын алғыш» Қуандықтың: «Күйеу бас жемейді» дейтін атамыздың салты бар еді, сондықтан мен қариялығымды қойып, күйеулігіммен-ақ отырып, төсімді мүжісем қайтеді?» – деген сөзінде кейіпкер сөзіндегі антииронияны көреміз. Антиирония – тура иронияға қарама-қарсы және ирония объектісіне бағыттылығы анық байқалмайтын құбылыс. Бұл да – сайқымазақ күлкінің бір түрі, самоирония секілді антииронияда да керісінше (жағымды) ішкі мағына болады. Бұл жерде кейіпкер бұл сөзді шын ниетімен, дұрыс көріп айтып отырғанмен, сырттай қараған адамға ондағы мысқылдық мән сезіледі. Қуандықтың сөзін мақұлдасқан көпшіліктің: «Жарықтық, қария қариялығын істеді!» – деген қолпаш сөзінде де ирония бар.

Сатиратанушы ғалым А.Мұсаев: «Иронияны қолдана отырып суреткер өз пікірінің шындығын бекіткісі келмейді, өз пікірінің салыстырмалы түрде ғана шындық екенін түсінетінін көрсеткісі келеді. Көбінесе иронияда комикалық трагикалықпен түйісіп қалады. Ирониядағы күлкі сөз болған заттағы қарама-қайшылықтарды түсіну үшін түрткі ғана» [4, б. 54], – дейді. Шынында да, автордың ирония арқылы берген мінездемелік, сипаттамалық ақпараттары оқырман үшін оқи отырып ой салу, өз пікірін қалыптастыру, автордың айтып отырғанына сын көзімен қарап бағалау нысаны болып табылады.

А.Тоқмағамбетовтің «Шырынхан ән шырқайды», «Алты күн мұнда, алпыс күн онда», «Лектор-автомат», «Губернатор келе жатыр» фельетондарында да авторлық баяндауда, кейде кейіпкер сөздерінде ирония кездесіп отырады. Мысалы, «Лектор-автоматта»: «Бұл лектордың өзі де автомат, сөзі де автомат. Жасаған документі, қойылған қолы да, жүрген жолы да автомат. Ақшаны да, басқаны да көп табады. Қызықта бір мақал бар: «Жоқты жоқ табады»[3, б. 78], – деп иронияласа, енді бір жерінде: «Лектор автоматтың қаламы да автомат. Өзі алты километр жер жүрсе, қаламы алты жүз километрге кетеді. Кейде керекті жерде біреудің қолын өз қолы етіп те қойып жібереді. Кейде тіпті ап-анық тұрған цифрды өз пайдасына бейімдеп жойып та жібереді» [3, б. 79], – деп иронияның мәнін айқындай түседі. Ілкіде оқырман автор мақтап отырғандай көрінетін лектордың ерекшелігін білгісі келіп ынтықса, енді сөз мәнісін түсіне бастағандай болады.

А.Тоқмағамбетовтің сатиралық прозасындағы ирониялық қолданыстар авторлық мақсатқа сәйкес тақырыптың маңызын көрсету үшін оған екпін түсіру арқылы кейіпкерлер мен оқиғаға авторлық терістеушілік көзқарасты білдіру, сыни баға беру, автор мен оқырман арасындағы ортақ көзқарас қалыптастыру көзі сияқты болып көрінеді. Әлбетте, бұл шығармадағы сатиралық сарынмен үндесіп, суреттелетін оғаш мінез-қасиеттерді ашып көрсетуге көмектеседі.

Көрнекті сатирик Шона Смаханұлының сатиралық прозасында да ирониялық айтылымдарды ара-тұра қолданып отырады. Оқиғаны баяндау орайында кейіпкерлерге қатысты ирониямен іліп-шалу сатиралық шығармаға мысқылдық өң үстеп отырады: «Жиі ішетіндіктен мұрнының үсті қызарып тұратын. Оның маған пайдасы тиеді-ау деп үш ұйықтасам түсіме кірген бе?»; «Жұтымпаз болса да, бұл кездегі оқыған шіркіндерді қойсайшы. Шетінен психолог келеді ғой. Қарашы, менің көңіл күйімді айтпай таныған» [5, б. 13].



Объективті ирония – шығармадағы адамдар мен оқиғаларға тікелей қатысты ирония. Жазушы объективті ирония арқылы сол тарихи кезеңдегі әлеуметтік ортаның әужайын, қоғамдық жағдайдың сипаттарын бейнелейді. «Ирония өмірдің авторлық философиясын білдіру мен шындығын қабылдауға араласады. Объективті иронияның негізінде тарихи процесс туралы авторлық түсінік пен болмыстың нағыз жағдайының қайшылығы жатады», – дейді Э.М. Хабибьярова [6, б. 12].

Кеңестік заманның шындығы суреттелетіндіктен, Асқар сатирасы сияқты Шонаның сатирасы мен ирониясының да өзегі социалистік қоғамның кемшіліктері, кеңес заманындағы материалдық және рухани зәруліктер болып келеді. Авторлық баяндауда объективті ирония сол заманның көріністерін суреттейді: «Серіжігіт Бозтаевтың өз философиясы болатын. Оның ойынша шаруашылыққұлағын ұстап отырған адам балық секілді жылпылдақ, түлкінің құйрығы секілді алдамшы болу керек» [5, б. 122]; «Шынында да екінші тайм қызық бола түсті. Онда да ойыншылар жағынан емес, «жанкүйерлер» жағынан» [5, б. 24]; «Сақал жарықтық қариялардың көркі ғана емес, иманы деуші еді. Небәрі үш метр крепдешинге құрбан болған есіл сақал үшін шалды аяйды екенсің» [5, б. 52]; «Бақсақ, атан түйе сойғандай, прозаны жіліктеп-жіліктеп, бірі қоржынына, бірі кендір қапқа, қайсыбірі портфельдеріне тыққыштап болып, енді поэзияға көшкен екен» [5, б. 148]; «Бұған дейін жұрт құлақ пен көздің арасын өлшеп, өтірік пен шындықтың арасы «төрт-ақ елі» деуші еді. Бұл да бекер болып шықты. Бұл өңірде өтірік пен шындықтың арасы қосылып кеткен екен» [5, б. 156].

Ш.Смаханұлының сатиралық әңгімелерінде ассоциативтік ирония үлгілерін де кездестіруге болады. Мысалы, «Той төресі» әңгімесінде қалалық «Тағамторгтің» бастығы Меселбайдың баласы келін әкеліп, соның үйлену тойын әңгімелейді. Жазушы сол кездің өзінде қазақ қоғамында белең алған бәсекенің бір түрі – тойдың сән-салтанаты мен сый-сияпатын суреттейді. Тойдағы «тілі ғана емес, тілшігі де қоса сөйлейтін» тамада – той төресі Аудашбектің той иесінің «жылы сөзінді аямай, сыпыра мақта» дегеніне керісінше, той иесі мен сыбайластарының жебірлігін айтып, мәселеге шындықтың биігінен қарағанын көрсетеді. «Бұрын ел аузында «Есебіін тапқан екі асайды» деген мақал болған екен. Қазір «Жүйесін тапқан жеті асайды» деген сөз шығыпты. Бұл кімнің қолынан келеді?! Анау-мынау ынжық, момынның емес, айлакерлігі асқан жандардың ғана қолынан келеді. Олар, міне, осы отырған сіздер...» [5, б. 11], – деген тамада сөзінің мәні сол кездегі социалистік қоғамның рухани талаптарымен де ұштасып жатыр. Әңгімедегі концептуалдық иронияның мәні – оқиға дамуы барысының күтілген нәтижеге қарама-қарсы финалға әкелуі.

Көрнекті сатирик Үмбетбай Уайдин – көптеген кітаптардың авторы, сықақ әңгімелерімен, фельетондарымен қатар, сатираға «шымшымалар» деген тың түр қосқан қаламгер. Ү.Уайдиннің сатиралық әңгімелерінде ирония сатираға жанама көркемдік өрнек қосып, мәтіндегі интеллектуалдық сапаны көтеруге қызмет етеді. Оның «Әжең жақын ба, әйелің жақын ба», «Амандық хабар», «Жер сілкініп тұрады», «Күлгім келсе, көршіме қараймын», «Құдалар құрама командасы», «Мылжынды жеңген мылжын» секілді әңгімелерінен ирониялық сарын сатиралық бейнелеу арнасында тонның ішкі бауындай жымдасып жатады. Мысалы, «Жұмбақ адам» әңгімесінде ассоциативтік ирония кейіпкердің сөзі мен ісінің қайшылығынан туындайды. Мәтін бойынша аумалы-төкпелі мінез бен екіжүзділікті осы кейіпкердің образымен шебер жеткізеді. Ал «Тіл өткен адамда» кейіпкерге сырттай баға беру арқылы туған күн иесін «жер-көкке сыйғызбай мақтайтын» әдетті мазақ қылады.

Автор шығармаларындағы ирониялық колорит көркем мәтінде авторлық баяндаудан гөрі шығарма сюжетіндегі оқиға дамуындағы кейіпкер сөздерінің астарынан молырақ байқалады. Мысалы, «Әжең жақын ба, әйелің жақын ба» әңгімесінде Мүрдімнің әйелі Әдемінің әжесіне (енесіне) қатынасын мысқылмен баяндайды. Әуелі Әдемі үнемі ауылдағы әжеге қамқор, мейірімді, жомарт болып көрініп, сыйлық жібергісі келгенмен, әрдайым сылтау тауып, ол ақшаны өздерінің басқа бір қажеттілігіне жұмсап отырса, кейін әже қалаға келгенде де «қамқорлығын» тек сөзбен білдіріп, күйеуіне жақсы атты көрінгісі келетінін бейнелейді. Оны Әдемінің өз сөзімен де («Сендер тұра тұрындар, – деді Әдемі, – әуелі шешеміздің жағдайын жасап алмай, ешқайсыңа қайырылмаймын. Үлкен кісіге қызмет көрсету – борышымыз. Ертең тірі болсақ, өзіміз де кемпір боламыз. Әже, қаланың тамағын тамақсынбай жүрген шығар деп, әрі тісіне жұмсақтау болсын деп ботқа пісірдім...») [7, б. 37]; оның күйеуі Мүрдімнің сөзінен де («...Ұзын сөздің қысқасы, Әдемінің әжем десе жаны жоқ, аузынан тастамайды, ниеті түзу. Бермеймін демейді, көріп отырсыздар, бір ретін келтіре алмай-ақ қойды. Обалы жоқ дейтінім, аузының салымы жоқ...») көре аламыз [7, б. 35]. Міне, осындай сөзі мен ісі қабыспай жатса да, болмағанды болғандай қылып жарнамалап жүретін аферистік мінезді автор ирониялық тәсілмен бейнелеген.



«Жер сілкініп тұрады» әңгімесінде қызықты оқиға баяндалады. Күйеуімен жиі жанжалдасып, көршісінен көмек сұрай беретін келіншектің әдеті мысқылданады: «Құдайы көршім болғасын бармауға ұят, жетіп барамын. Мен барған бойдан келін бала күш алып, күресе кетеді. Күресіп жатқасын қарап тұру тағы ұят, әйдә кеп араша тұрамын. Міне, ағанды осы арасы құртты» [7, б. 65]. Мұндай жағдай бірнеше рет қайталанады. Сосын бұған милиция шақыртады. Ал бұл көршісі милиция алып келсе, олар бірде «ініміз гармон тартып, келініміз ән салып отырады»; енді бірде «екеуі диванда сүйісіп отырады». Ақыры екеуі келіспей, ажырасып тынады: «Үш бөлмелі үйдің екі бөлмесі екі бала мен келінге, бір бөлмесі інімізге тиіпті. Кухня ортақ. Естуімше, тамақты келін бала пісіріп алады екен де, қалған-құтқанын біздің қу түсіріп алады екен» [7, б. 66-67]. Әңгіменің финалы да ирониямен түйінделеді: «...Құдай айырмаса, сот айырғанмен болмайды екен, ағайын. Олай дейтін себебім, келін бала осы жақында тағы бір бөпелі болып, ініміз жүгіріп жүр деп естідік» [7, б. 67].

«Күлгім келсе, көршіме қараймын» әңгімесінде ауруханаға жату үшін үш қараның ақшасын қалтаға салып қалаға келіп, ауруханадан емделіп шығатын қарттың аңқау, қожанасырлау, ашықауыз мінезін мысқылдайды: «Титімге бір қарап, сеткесіндегі титімдей дүниеге бір қарап, менің әрі күлкім, әрі жылағым келді. «Үш қараның пұлын әкеліп, үш килограмм алма апара жатқан қайран менің ақ жүрек көршім-ай, тағы қандай Фабулаға, тағы қандай «ақулаға» жем болар екенсің?» [7, б. 73].

«Құдалар құрама командасы» әңгімесінде автор Шәйпілдің ерекше мінездемесін жасайды. Бас кейіпкер Дәдікбайды біреу бір жерге қонаққа шақырса болды, ол Шәйпілді де ерте барғысы келеді. «Ол әңгіме айтып отырады ғой. Жөн біледі» деген аргументін алға тартады. Бірақ жұрт болса: «Әй, соны қойшы. Суқылдаған сол пәлені ұнатпаймын», – деп оны жолатқысы жоқ. Немере інісі үйленетін болып, бас құдалыққа Дәдікбай ұсынылғанда, ол мақтап-мақтап, Шәйпілді де құдалар командасына қосып алады. Сөйтсек, Дәдікбайға ұнайтыны – Шәйпілдің қалаған адамын асыра мақтайуға «жүйріктігі» екен: «Адам жақсы сөзге де бауыр басып қалады екен, қазір қасымда Шәйпіл отырмаса, нанасындар ма, жесір әйелдің күйін кешемін. Түсінген шығарсындар»; «...Біле-білсеңдер, Шәйпіл маған қаншама жақсылық жасап, қанша жерде шырайымды шығарды. ...Құдалыққа ертіп барсақ, бейтаныс ел, бейтаныс жұртқа ол басын шұлғып қойып, соның бәрін айтып, бізді қалай таныстырады! Солай таныстырса, менің де, сендердің де, тіпті бүкіл қазақ халқының мерейі емес пе!» [7, б. 79].

Жазушының кейде сатирадағы лирикалық сәттерге де бағалаушылық-талдаушылық сипат дарытуынан нәзік ирониялық леп сезіледі. Мысалы; «Қарыз мәселесі» әңгімесінде «Сіз осы туғалы бір адамнан қорқып көрдіңіз бе?» – деген сұраққа кейіпкер: «Неге қорықпайын, қорыққанда қандай! Қай, таныс, қай бейтанысым қай күні қай жағымнан қуланып шыға келіп ақша қарыз сұрап қалады деп, иманым сағат сайын таяқтай. Қорықпасам ол не?» – дейді. Міне, осы «мен үшін қарызға ақша сұрап келушілерден асқан әзірейіл жоқ», – дейтін кейіпкердің ішкі ойын танысақ, ондағы биік адамгершіліктің үлгісін көреміз: «Менің әзірейілдерімнің мені не себепті өлімші ететінін түсіндірсем: қай адам қай жетіскеннен қарыз сұрайды? Қажет болған соң сұрайды да, қиналған соң сұрайды да. Яғни алдына кісі іспен, тілекпен келеді, үміт артып келеді, береді ғой деп, аламын ғой деп сеніммен келеді. Оның ол тілегін орындай алмасаң, үмітін ақтау алмасаң, өлімші болмай, не боласың» [8, б. 206-207].

Ү.Уайдин ирониясы сатира мен иронияның алғауында солармен сабақтасып жататындықтан оны байқай қою, ирония деп бөлек қарастыру күмәнді көрінуі де мүмкін. Бірақ иронияның ассоциативтік, лейтмотивті түрін пайымдайтындай, концептуалдық тұрғыдан қарағанда, бұл құбылыстың жазушы шығармаларының өзегіндегі сатираға мысқыл-кекесіндік реңк дарытып тұрған сипаттарын мәтін мазмұнының айқын көре аламыз.

Иронияға қатысты «ішкі мәтін» («подтекст») термині жиі қолданылады. Ішкі мәтін – «мәтіннің, айтылымның ішкі, ойша қарастырылатын, сөзбен айтылмаған мағынасы» [9, б. 219.]. Ирония көбінесе шығармадағы өзіндік ішкі мәтінді қалыптастырады. Ішкі мәтінді сөздің тура және ауыспалы мағыналарына байланысты қолданылатын ділмарлық тәсілмен шатастыруға болмайды. Ирония көбінесе мынадай риторикалық тәсілдердің көмегіне жүгінеді: апозиопезис (лат. *aposiopesis* – үндемей қалу) – ойдың аяқталмауы, сөйлемнің кенеттен үзіліп қалуы; аллюзия (латын. *allusio* – тұспал, әзіл) – мәтінде баяндалатын жайды қайсыбір әдеби, тарихи, мифтік немесе саяси бір фактілерге ұқсастықты тұспалдайтын стильдік фигура; эмфаза (грек. мәнерлілік) – айтылымның қайсыбір маңызды элементін немесе оның мағыналық реңкін эмоционалдық-экспрессивтік жағынан айқындап көрсету; перифраза (грек. – сипаттау) – зат пен құбылыстың атын айтпай-ақ, айрықша белгісіне қарай сипаттап көрсететуді білдіретін термин.



Ішкі мәтіннің шартты түрде үш түрлі қызметін көрсетуге болады: мәтінтүзушілік (мәтіннің бөліктері арасындағы мағыналық байланысты реттеп, семантикалық бірлігін қалыптастыру); ақпараттық (мәтіннің негізгі идеясын жүзеге асыру) және прагматикалық (оқырманға ықпал ету, автордың бейнеленушіге қатынасын білдіру). Ирониялық ішкі мәтінде автор қайсыбір өмір құбылысы мен адамдарға сыни көзқарасын білдіреді. Сондықтан ирониялық ішкі мәтін шығарманың негізгі идеясын беруде маңызды роль атқаратынын айтуымыз керек.

Белгілі қаламгер Мыңбай Рәштің сатиралық әңгімелері мен фельетондарында ирониялық мағына көбінесе ішкі мәтін арқылы танылады. Жазушының «Кіндіктің кесірінен», «Мәселе қайда жатыр», «Шортаевтың «шорт знайттары», «Жұмбақ бажаның хаты» сияқты шығармаларында автор өз заманындағы келеңсіз құбылыстарды сатирамен сынағанда ара-тұра иронияның сыншылдық қызметіне де жүгініп отырады. Мысалы, «Кіндіктің кесірінен» әңгімесінде: «Даудың басы Дайрабайдың көк сиырынан» дегендей, мен бейбақтың басынан кешірген ұрыс-керіс кіндіктен басталады. Иә, кіндік. Кәдімгі нәресте шыр етіп «інгәләп», дүниеге келгенде кесілетін кіндік. Есейген пенделер де кіндікті қанша ардақтайды десенші!» [10, б. 101] – деп Бейімбеттің шығармасына сілтеме жасау арқылы әңгіменің төркіні кіндік туралы екенін ирониялаумен бастайды.

Ал «Дейді екен» деген анекдот ыңғайындағы әңгімеде американдық, түрік, жапон, орыс және қазақтың Марсқа келудегі мақсаттарын салыстырғанда қазақтың: «Ә... Мен бе, мен әншейін қыдыра келгенім ғой, құда түсер жекжат табылар ма екен деп», – деген жауабынан ұлттық менталитетке сілтеме жасайтын аллюзия тәсілін қолданады [10, б. 104].

«Шортаевтың «шорт знайттары» әңгімесінде (аудан орталығында шарламаған мекемесі, істемеген қызметі қалмаған) Шортаевтың аудандағы спорт мекемесінде бастық болған кезде қызметін келістіре алмай, босап қалғандағы: «Бәсе, бәсе, біліп едім ғой осындай бәлеге душар боларымды, спорттан спіртім..., атлет-мәтілеттен кәгілетім артық еді-ау, шорт знайт, мұндай боларын» [10, б. 184], – деген ішкі ойының берілуінде апозиопезистік тәсіл арқылы автор ирониялық мән үстейді.

«Жұмбақ бажаның хатында» он жылдан бері үйленуге қалыңмал жинай алмай жүрген Қ-ға ақылды айтып хат жазатын «бажасының» кім екенін сұрағанда, оған: «Ол жерде таныстар көп қой, қайсысының бажа болғысы келіп, басы ауырып, балтыры сыздап жүр дейсің?» – деген жауабында әңгімедегі ирониялық астарды тұспалдайтын сарын бар.

Қорытынды

Сатиралық шығармалардағы күлкі элементтерінің арасалмағын саралағанда, олардағы сатира мен ирония ауқымында ирониялық айтылымдардың да өзіндік орнын аңғаруға болады. Ирония мұндай мәтіндерде күлкі тудыру қызметінен гөрі көбінесе сатиралық немесе юморлық қолданыстарға өзіндік мән үстеп, күлкіні өткірлеу мақсатында қолданылатынын байқаймыз. Ирония авторлық баяндауда да, сондай-ақ кейіпкер сөздерінде де молынан ұшырасады. Оларда жеке ирониялық қолданыс болумен қатар, сатиралық немесе юморлық бейнелеудегі ирониялық мән үстейтін сипаттарын да айтуға болады. А.Тоқмағамбетов, Ш.Смаханұлы, Ү.Уайдин, М.Рәшсекілді көрнекті сатирик жазушылардың сатиралық әңгімелері мен фельетондарында иронияның бағалаушылық, сыншылдық қасиеті айқын байқалады. Мұндай шығармаларда иронияның авторлық баға берудің, сыни көзқарасты танытудың, қайшылықтарды ашудың құралы ретіндегі объективтілік пен талдаушылық қасиеттерін айқынкөруге болады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Манн Т. Сочинения в 10 томах / Т.Манн. - Т. 10 – М., 1961.
- [2] Қожакеев Т. Сатира негіздері / Т.Қожакеев. – Алматы. – Санат, 1996.
- [3] Тоқмағамбетов А. Шәңгек / А.Тоқмағамбетов. – Алматы. Жазушы, 1967.
- [4] Мұсаев А. Мәңгі өлмес күлкі / А.Мұсаев. – Алматы. Жазушы, 2012.
- [5] Смаханұлы Ш. Елпекбайдың телпегі / Ш.Смаханұлы. – Алматы. Жазушы, 1987.
- [6] Хабибьярова Э.М. Ирония в произведениях М.Булгакова / Э.М.Хабибьярова. Дисс. ...канд. фил. наук. – Бирск, 2011.
- [7] Уайдин Ү. Күлкі, күлкі... / Ү.Уайдин. – Алматы. Ана тілі, 2019.
- [8] Уайдин Ү. Пәлен-Пәштуан / Ү.Уайдин. – Алматы. Жазушы, 1992.
- [9] Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов / О.С.Ахманова. – 2-е изд., стер. – М.: УРСС: Едиториал УРСС, 2004.
- [10] Рәш М. Кері тартқанды бері тарт / М.Рәш. – Астана, 2008.



REFERENCES

- [1] Mann, T. (1961). *Sochineniya v 10 tomah [Essays in 10 volumes], 10. M. [in Russian]*.
[2] Qojakeev, T. (1996). *Satira negızderi [The Basics of Satire]. – Almaty. – Sanat [in Kazakh]*.
[3] Toqmağambetov, A. (1967). *Şāñgek [Changek]. – Almaty. Zhazushy [in Kazakh]*.
[4] Musaev, A. (2012). *Māñgi ölmes külki [Ever-living laughter]. – Almaty. Zhazushy [in Kazakh]*.
[5] Smahanuly, Ş. (1987). *Elpekbaidyñ telpegi [Elpekbai's Cap]. – Almaty. Zhazushy [in Kazakh]*.
[6] Habib'yarova, E.M. (2011). *Ironiya v proizvedeniyah M.Bulgakova [Irony in the works of M. Bulgakov]. Diss. ...kand. fil. nauk. – Birk [in Russian]*.
[7] Uajdin, Y. (2019). *Külki, külki... [Laughter, laughter...]. – Almaty. Ana tili [in Kazakh]*.
[8] Uajdin, Y. (1992). *Pälen-Päştuan [One more thing]. – Almaty. Zhazushy [in Kazakh]*.
[9] Ahmanova, O.S. (2004). *Slovar' lingvisticheskikh terminov [Dictionary of linguistic terms]. – 2-e izd., ster. – M.: URSS: Editorial YPCС [in Russian]*.
[10] Rəsh, M. (2008). *Keri tartqandy beri tart [Pull on the reverse side]. – Astana [in Kazakh]*.

Кабылов А.Д., Курганбеков Б.

МЕСТО ИРОНИИ В САТИРИЧЕСКИХ ПРОИЗВЕДЕНИЯХ

Аннотация. Статья посвящена рассуждению о месте иронии в сатирических произведениях. Использование иронии в прозаических произведениях выдающихся сатириков казахской литературы рассматривается на примере рассказов и фельетонов А. Токмагамбетова, Ш. Смаханулы, У. Уайдина, М. Раш. Функция иронии в сатирических произведениях как средства авторской оценки, проявления критического подхода, раскрытия противоречий анализируется на конкретных примерах. Через использование иронии в авторском повествовании и в высказываниях героя делается попытка оценить художественную функции в проявлении оценочности, аналитичности, критичности. Кроме того, особенности иронического смысла в подтексте также дифференцируются с помощью риторических приемов, таких как аллюзия, перифраза, эмфаза. В статье функции иронии в выражении авторской точки зрения характеризуется особенностями ее применения в сатирических и юмористических текстах. Так же рассматривается, что помимо лингвистической формы иронического смысла, объективные, концептуальные, ассоциативные формы проявляются на текстовом уровне.

Ключевые слова: сатирические произведения; сатира; юмор; ирония; авторское точка зрения; объективная ирония; концептуальная ирония; подтекст; рассказ; фельетон; ассоциативная ирония; аллюзия; перифраза.

Kabylov Adilet, Kurganbekov Bolat

THE PLACE OF IRONY IN SATIRICAL WORKS

Annotation. The article is devoted to the discussion of the place of irony in satirical works. The use of irony in the prose works of outstanding satirists of Kazakh literature is considered on the example of stories and feuilletons by A. Tokmagambetov, Sh. Smakhanuly, U. Uaydin, M. Rush. The function of irony in satirical works as a means of the author's assessment, the manifestation of a critical approach, the disclosure of contradictions is analyzed on specific examples. Through the use of irony in the author's narrative and in the statements of the hero, an attempt is made to evaluate the artistic function in the manifestation of evaluativeness, analyticity, and criticality. In addition, the features of the ironic meaning in the subtext are also differentiated using rhetorical techniques, such as allusion, periphrasis, and emphase. In the article, the function of irony in the expression of the author's point of view is characterized by the peculiarities of its application in satirical and humorous texts. It is also considered that in addition to the linguistic form of ironic meaning, objective, conceptual, associative forms are manifested at the textual level.

Keywords: satirical works; satire; humor; irony; author's point of view; objective irony; conceptual irony; subtext; story; feuilleton; associative irony; allusion; periphrasis.